1155.	Уткирова А., Ахметқалиева Д.	Қазақстанның өңірлік инновациялық дамуындағы теңсіздіктер	4961
1156.	Khamza A. E.	Innovative development of the Republic of Kazakhstan: artificial intelligence in human resource management	4964
1157.	Хамит Ж. Р.	Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза	4968
1158.	Шамырзаев Б. Д.	Методы решения возникающих проблем в государственном управлении	4972
1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

Исмагулова Бакытнур Карасаевна

ismagulova.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Турмаханбетова Шакен Шолпанқуловна

Қазіргі кезде әлемде инновация қоғамның дамуында жетекші рөл атқарады. Ол экономикалық өсудің негізі және нарықтағы бизнестің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз етеді. Өнімділіктің, табыстылықтың және бәсекеге қабілеттіліктің көзі ретінде инновациялар өндіріске енгізілген түбегейлі өзгертуші және жақсартушы сипаттағы коммерцияланған жаңалықтар болып табылады.

Қазақстан инновациялық секторды белсенді дамытып, ғылыми әзірлемелерді бизнеске енгізіп, осы салада елеулі табыстарға жетіп жатыр. Қазақстандық инновациялық жобалар экономиканың алуан түрлі салаларында құрылуда: энергетика, ауыл шаруашылығы, медицина, көлік және логистика, соңғы жылдары IT және Жасанды Интеллект секторлары қарқынды дамып келеді.

Инновациялар мен жаңа технологиялар мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл факт әлемдік тәжірибе арқылы дәлелденген, себебі дамыған елдер ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін қолдана отырып, инновациялық өнімдер жасау арқылы экономикалық тұрғыдан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Жалпы алғанда, инновациялар – бұл қоғам өміріндегі негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған адамзаттың прогрессивті ғылыми әзірлемелерінің нәтижелері[2,13]. Инновацияларды құру және енгізу елдің бәсекеге қабілеттілігін және экономикалық даму деңгейін анықтайды. Әлемдік нарық күн сайын өндірілетін өнімдердің сапасы мен деңгейіне қойылатын талаптарды арттыруда, бұл өз кезегінде инновациялық қызметтің әртүрлі салаларының пайда болуына әкелуде.

Еліміздің инновациялық дамуы – Қазақстанның стратегиялық мақсаттарының негізі. Дамудың инновациялық жолы инновацияларды белсенді енгізу арқылы экономикалық өсімге қол жеткізуді де, инновациялық қызметтен түсетін пайда есебінен ЖІӨ-нің өсуін де қарастырады.

Қазақстан да көптеген басқа елдер сияқты инновациялық дамуда көшбасшы болуға ұмтылуда. Ақпараттық технологиялар (АТ) елдің экономикалық дамуының маңызды қозғаушы күші болып табылады, өйткені ол өмір сапасын жақсартады және бизнестің тиімділігін арттырады.

Қазақстандағы АТ дамуының маңызды бағыттарының бірі IT стартаптарын дамыту болып табылады. Көптеген жастар әлеуметтік және экономикалық өмірдің нақты мәселелерін шешу үшін IT-жобаларын бастайды. Бұл экономиканың дамуына септігін тигізіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашады.

Тағы бір маңызды бағыт – заттар интернетін (IoT) дамыту. IoT технологиялары смарт сағаттар, теледидарлар және тоңазытқыштар сияқты құрылғылардың бір-бірімен және интернетпен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беріп, адамдардың өмір сүру сапасын жақсартады. Қазақстанда тиімділікті арттыру және процестерді жеңілдету үшін IoT технологияларын енгізуді көптеген компаниялар қолға алып жатыр[3].

Қазақстанда блокчейн технологияларын қолдану да дами бастады. Blockchain ақпаратты сақтаудың және бөлісудің қауіпсіз, ашық және орталықтандырылмаған әдісін ұсынады, ол қаржы, денсаулық сақтау, жылжымайтын мүлік және басқалар сияқты әртүрлі салаларда қолданған пайдалы.

Бүгінде БҰҰ бағалауы бойынша Қазақстан цифрландыру саласындағы ілгерілеушілікті көрсетіп отыр. Біздің еліміз 193 елдің арасында 24-ші орында, сонымен

қатар онлайн қызметтер индексі бойынша жетекші 10 елдің қатарына кіреді. Елімізде мемлекеттік қызметтердің 92% цифрландырылған. Биометрикалық сәйкестендіру және Qr қолтаңба сервистері де электрондық қызметтерді қолдануды айтарлықтай жеңілдетті. Электронды үкімет аясындағы алдыңғы қатарлы инновациялық шешімдерді Қазақстан тәжірибе жүзінде Того, Сьерра-Леоне, Тәжікстан сияқты мемлекеттермен бөлісіп бастады[3].

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: құқықтық тәртіп, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты халыққа жолдауында тұрақты даму үшін жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығын атап өтті[4]. Осыған байланысты Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірнеше маңызды бастамаларды жүзеге асырып жатыр:

- Кен орнын игеруді үйлестіру үшін Жасанды Интеллеклект (ЖИ) комитеті құрылды;
- 2024–2029 жылдарға арналған ЖИ дамыту тұжырымдамасын бекітті;
- ЖИ туралы заң жобасы әзірленді, ол одан әрі өсу үшін қажетті нормативтік базаны қамтамасыз етеді[3].

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астанада Жасанды интеллект орталығын ашу жұмыстары жүргізілуде. Орталықтың миссиясы – аймақтың түкпір-түкпірінен таланттарды тарту арқылы Қазақстанның ЖИ трансформациясын жеңілдету. Жоспар бойынша жыл сайын ЖИ саласында мыңдаған мамандарды, жүздеген стартаптарды және ондаған ғылыми жобаларды дайындауды көздейді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанда өзінің тілдік моделі KazLLM дамып жатыр. Ол қазақстандық компаниялар әзірлеген бірқатар технологиялық шешімдердің негізіне айналуы тиіс. Бұл аса маңызды болып табылатын ұлттық мүдделерді, жеке деректерді қорғау және елдің идеологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін шетелдік технологияларға тәуелділікті азайтады. Өзіміздің тілдік үлгіні қолдану отандық IT-қызмет нарығының дамуына ықпал етеді. Бүгінгі таңда модель жиналған 148 миллиард токен бойынша белсенді түрде оқытылады. Және де, бұл модель негізінде ЖИ негізіндегі өнімдер қазірдің өзінде жасалуда. Бұл eGov, E-otinish және заң көмекшісі сияқты салалардағы ЖИ көмекшілері[3].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында, сонымен қатар ҚР индустриалды-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы мен және т.б. бағдарламаларда инновациялық дамудың негізгі индикаторлары көрсетілген[4]. Осы бағдарламалар арқылы елімізде цифрландыру, нанотехнологиялар, медицина және медициналық туризм, баламалы энергетика, робототехника секілді салалар дамуы тиіс.

Бүгінгі күні Қазақстанда инновациялық даму бойынша көрсеткіштер аса қатты дамуды көрсетпейді, мысалы, Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы ҒЗТКЖ шығындары 2023 жылы небәрі 0,14% құраған. Негізгі шығындар үш аймаққа тиесілі: Алматы (77,2 млрд теңге), Астана (36,7 млрд теңге) және Маңғыстау облысы (13,5 млрд теңге)(Кесте- 1). 2020–2023 жж. ҚР-да ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын ішкі шығындар 89-дан 172,5 млрд теңгеге дейін өсті[5].

	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	89 028,7	109 332,7	121 560,1	172 585,9
Абай	2 370,4	3 177,1	3 996,7	5 802,0
Ақмола	1 655,4	1 695,2	1 736,1	3 187,2
Ақтөбе	1 176,7	1 604,2	1 596,9	1 918,0
Алматы	1 588,6	1 439,3	1 148,7	2 300,5
Атырау	5 801,8	6 412,1	467,8	620,5
БҚО	1 061,0	1 298,7	994,7	1 393,7
Жамбыл	2 156,2	5 881,5	3 574,0	4 801,8

Жетісу	84,1	108,4	127,2	217,5
Қарағанды	3 986,4	4 717,9	5 363,5	7 816,0
Қостанай	788,1	1 091,3	1 036,8	1 305,0
Қызылорда				
а	283,9	429,3	526,6	1 170,5
Манғыстау	10 428,2	11 089,6	13 521,0	13 576,7
Павлодар	598,2	604,0	829,9	1 226,8
СҚО	339,4	411,1	8 839,7	1 144,0
Түркістан	481,9	719,9	659,9	1 018,3
Ұлытау	-	0,9	3,6	189,3
ШҚО	3 041,8	3 844,6	5 881,6	8 219,1
Астана	18 753,0	20 529,0	22 961,0	36 665,3
Алматы қ.	32 873,3	42 738,7	46 759,4	77 204,1
Шымкент	1 560,2	1 540,0	1 534,9	2 809,6

Кесте-1. ҚР-да ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын ішкі шығындар өңірлер бойынша[5].

Әлемде дамыған және көптеген дамушы елдер ҒЗТКЖ-ға ЖІӨ-нің 2% – 5% жұмсайтынын білеміз. Мысалы, Израиль ЖІӨ-нің 4,95%, Оңтүстік Корея – 4,81%, Швеция – 3,34%, Жапония – 3,26% және Австрия – 3,17% бөледі. Әлемде ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын орташа шығындар шамамен ЖІӨ-нің 2,27% құрайды. АҚШ, Қытай, Германия, Жапония сияқты дамыған елдерде ҒЗТКЖ шығындарын қаржыландырудың басым бөлігі бизнеске жүктеледі.

Қазақстанның өңірлері бөлінісінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін анықтау үшін соңғы жылды қарастырамыз. Қазақстанда 2023 жылы 30610 кәсіпорынның тек 3592-сі ғана инновациялық шешімдерді өз қызметтерінде қолданған[5]. Бұл тек 11,7% ғана құрайды (Кесте-2).

Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, және Астана қалалары ең жоғары инновациялық белсенділікке ие аймақтар болып табылады. Бұл аймақтардың инновациялық белсенділігі 15%-дан жоғары. Батыс Қазақстан, Атырау, және Ақмола аймақтарында инновациялық белсенділік айтарлықтай төмен, 5%-дан аспайды. Алматы мен Шымкент қалалары да жоғары деңгейдегі инновациялық белсенділікке ие, бұл қалаларда инновациялық кәсіпорындардың саны айтарлықтай жоғары.

	Кәсіпорын саны	Оның ішінде	Инновациялық белсенділігі, %
		Инновацияға қатысы	
Барлығы	30 610	3 592	11,7
Абай	601	56	9,3
Ақмола	1 165	69	5,9
Ақтөбе	1 127	168	14,9
Алматы	1 326	99	7,5
Атырау	1 031	52	5,0
Батыс-Қазақстан	837	35	4,2
Жамбыл	758	46	6,1
Жетісу	567	68	12,0
Қарағанды	1 890	307	16,2
Қостанай	1 314	124	9,4
Қызылорда	625	87	13,9
Манғыстау	1 055	65	6,2

Павлодар	1 122	172	15,3
Солтүстік- Қазақстан	1 042	101	9,7
Туркестан	910	93	10,2
Ұлытау	192	15	7,8
Шығыс-Қазақстан	1 277	131	10,3
Астана	4 117	625	15,2
Алматы қ.	8 122	1 182	14,6
Шымкент	1 532	97	6,3

Кесте-2. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері[5].

Қазақстанның 2023 жылғы Ұлттық Статистика агенттігінің деректері бойынша Қазақстан кәсіпорындарындағы инновацияның дамымауының негізгі себептері:

- Инновацияға сұраныстың жоқтығы;
- Қаржылық жетіспеушілік;
- Кәсіпорынның алғашқы даму сатысында инновацияның қажет еместігі;
- Инновациялық қызметтер мен тауарларға сұраныстың белгісіздігі;
- Жоғары инновациялық шығындар[5].

Көптеген аймақтарда әсіресе қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі жоғары деңгейде байқалады. Инновациялық шығындардың өте жоғары болуы мен білікті кадрлардың жетіспеушілігі де маңызды мәселелер болып табылады. Нарықтық сұраныс пен технологиялар туралы ақпараттың жетіспеушілігі де маңызды кедергілердің бірі.

Аталған себептермен бірге, Қазақстанда нарықтың әлсіздігі байқалады. Қазақстанда сапалы цифрлық қызметтерді ұсынатын компаниялар аз. Олар саланың өңін белгілеп, бәсекелестікті ынталандырады. «Алыптардың» аз болуы және үнемі дамып отыратын бәсекелестік органың болмауы нарықтың әлсіреуіне әкеледі[6,36].

Елімізде халықтың даму институттары мен инновациялық даму үрдістеріне деген сенімнің төмендігі, бюрократия мен жемқорлық, еліміздің Инновациялық стратегиясын жүзеге асыру барысындағы министрліктер мен ведомстврлардың арасындағы байланыстың әлсіздігі, жұмыс жоспарының нашар келісілуі, ынтымақтастықтың төмендігі, инновациялық саясатты жүзеге асырудағы олқылықтар, білікті персоналдың жетіспеушілігі, жастар арасында ғылымның төменгі деңгейде насихатталуы, ғылым жолында жүрген жастардың еңбектерінің қажетті деңгейде қаражаттандырылмауы, сол себепті ғалымдардың шетелге ағымы, ҒЗТКЖ және инновациялық жобалардың нәтижелері туралы ақпаратты, ғылыми мақалаларды, зерттеушілерді, инфрақұрылымды сондай-ақ нарықтың даму үрдістері туралы коммерцияланған ақпараттарды тұтас қамтитын статистикалық деректерге және ақпаратқа қол жеткізудегі қиындықтар[7,20].

Жоғарыда аталған кедергілерге қарамастан, Қазақстан Орталық Азиядағы ең жылдам дамып келе жатқан инновациялық нарық болып қала береді[8,47]. Бұған бір жағынан мемлекеттің қатысу үлесі жоғары болғандықтан, екінші жағынан коммерциялық компаниялардың, әдетте банктік және телекоммуникациялық секторлардың бастамаларының арқасында дамып отыр. Бизнес инновациялық нарықтың дамуын ынталандырып отыр. Мысалы, компанияларда инновациялық бөлімшелер, корпоративтік венчурлық қорлар, стартаптарды инвестициялау және сатып алу, университеттерде IT-академиялар мен бизнес-инкубаторлар, стартаптар үшін хакатондар мен конкурстар, университеттерде бизнес-инкубаторлар ашылып, арнайы іс-шараларды өткізу күндері белгіленеді. Инновацияларды дамыту үшін тиісті инновациялық инфрақұрылымның болуының да маңызы бар. Қазақстанда технологиялық инновацияларға бағытталған инфрақұрылым дамып жатыр[9,413].

Қорыта айтқанда, инновациялардың қоғам мен экономика дамуына қосатын үлесі ерекше. Әлемнің жетекші елдері өздерінің экономикасын тұрақты дамыту үшін білім мен инновацияны басты бағыт ретінде таңдады. Қазақстан да осы үрдіске қосылып, инновациялық даму саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Әсіресе, ақпараттық

технологиялар, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да цифрлық технологиялардың дамуы еліміздің экономикасына жаңа мүмкіндіктер мен тиімділіктер әкелді. Сонымен қатар, Қазақстанның инновациялық секторын дамытуда мемлекеттік қолдау мен жеке кәсіпорындардың бастамалары маңызды рөл атқарып отыр.

Дегенмен, инновациялық дамуды одан әрі ілгерілету үшін әлі де бірқатар кедергілер мен қиындықтарды жеңу қажет. Бұл, әсіресе, қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі, жоғары инновациялық шығындар, нарықтағы бәсекелестіктің әлсіздігі және ғылыми қызметтің төмен деңгейде қаржыландырылуы сияқты мәселелермен байланысты. Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет, кәсіпкерлер және ғылыми институттар бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. Еліміздің ғылымы мен білімі дамып, алдыңғы қатарлы инновациялық мемлекетке айналуы үшін жаңашылдық мәдениетін дамытып, ғылыми зерттеулерге, әзірлемелерге инновациялық қаржыландыруды арттырып, адам капиталын дамытатын сапалы арнайы бағдарламалар жасауымыз қажет.

Қазақстанның инновациялық даму стратегиясы мен цифрландыру бағдарламаларының аясында жасалған іс-шаралар осы салада алдағы уақытта елеулі нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жетістіктер елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлемдік нарықта өзінің орнын нығайтуға ықпал ететін болады. Қазақстанның инновациялық дамуы болашақта оның экономикалық өсімін қамтамасыз ететін, жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті экономикаға айналуына жол ашатын негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Боровиков В.И., Туровец О.Г. Принципы реформирования производственных систем в условиях инновационной экономики // Организатор производства. - 2007. - № 3. - С. 4-6.
2. Шапошникова С.В. Принципы управления инновационной деятельностью // ИнВестРегион. – 2009. – № 1.- С. 10-14.
3. [Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан](https://primeminister.kz/ru/news/reviews/tsifrovaya-transformatsiya-kak-v-kazakhstane-uluchshayut-kachestvo-zhizni-s-pomoshchyu-tekhnologiy-29455). Цифровая трансформация: как в Казахстане улучшают качество жизни с помощью технологий // <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/tsifrovaya-transformatsiya-kak-v-kazakhstane-uluchshayut-kachestvo-zhizni-s-pomoshchyu-tekhnologiy-29455>
4. Официальный сайт Президента Республики Казахстан. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм» // <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskii-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014>
5. Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан // <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/spreadsheets/?year=&name=19566&period=&type=>
6. Рахметулина Ж.Б, Сулейменова А.О, Ордабаева М.А. Қазақстанның инновациялық даму мәселелері // «Тұран» Университеті хабаршысы» Ғылыми журнал. - 2022. - № 2(94). – Б. 29-37
7. Сатыбалдин Ә.Ә, Қорғасбеков Д.Р, Жунисбекова А.Т. Қазақстан экономикасын инновациялық дамытудың жаңа мүмкіндіктері // «Молодой ученый» Ғылыми журнал - 2019. - № 3 (14). – Б. 9-26.
8. Лапаев С. П, Молдагулова Ж. А. Инновационное развитие Республики Казахстан // Интеллект. Инновации. Инвестиции. – 2019. – № 2. – С. 45-49.
9. Шустов А.А. Роль инновационной деятельности в конкурентной борьбе предприятия // Научный журнал «Молодой ученый» - 2013. - №3(10). – С. 412-416.